

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 95 (9157)

1953

жылғы

12

май

Сейсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Солтүстік-шығыс облыстарда егістің шешуші кезеңі

Республикамыздың солтүстік-шығыс және батыс облыстарында көктемгі егіс жұмыстары жаппай жүргізілуде. Саяси-шаруашылық маңызы орасан зор бұл жұмыстың жоғары агротехникалық талапқа сай ойдағыдай өткізілуі колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің материалдық-техникалық және еңбек күштерін толық пайдаланып, жұмысты ұйымшылдықпен жүргізулеріне тікелей байланысты.

Солтүстік-шығыс облыстардың алдыңғы қатарлы колхоздары, совхоздары мен МТС-тері қуатты техниканы шебер пайдаланып, егіс жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Соңғы күндері Ақмола, Көкшетау облыстарының колхоздары көктемгі егістің қарқынын күшейте түсті. Келлер ауданындағы (Көкшетау облысы) «Красное поле» колхозының мүшелері механизаторлармен ынтымақты нығайтып, егіс жұмыстарын қысқа мерзім ішінде орындап шықты. Дәнді дақылдардың тұқымы негізінен тоғыспалы әдіспен себіді. Осы облыстағы Введен МТС-інде Бережная жолдастың трактор бригадасы егіске кіріскен күннен бастап прогрестік әдістерді кеңінен қолданып, жұмысты екі сменамен атқаруды ұйымдастырды. Сөзіне берік механизаторлар күздікті тырмалау, көпжылдық шөп егу, дәнді дақылдардың тұқымын себу жұмыстарын ең қолайлы мерзімде аяқтады.

Бірақ бірсыпыра облыстарда, әсіресе Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарында егіс жұмыстарының қарқыны әлі күнге дейін төмен болып отыр. Бұл облыстардың МТС-терінде трактор паркінің техникалық кемшіліктерден тұрып қалуы жиі кездесіп, егіс жұмыстарының күндік және бескүндік графигі орындалмай келеді. Оның үстіне агротехникалық ережелердің бұрмалануына жол берілуде. Булаев МТС-інің (Солтүстік Қазақстан облысы) қамтуындағы «Страна Советов» және басқа колхоздарында жер қосымша түрленіс плау-ның, жер жырту жұмысын екі сменамен атқаруға, ал бір тракторшының жұ-

басты міндетін аброймен орындауға жұмылдыруымыз керек.

Шаруашылық жөніндегі табыстарымыз партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстардың табыстарына байланысты. Сондықтан да егіншілер мен механизаторлар арасында үгіт-буқаралық жұмыстарын кеңінен өрістетіп, оны социалистік жарысты кең өрістетуге, өндірістік тапсырмалардың толық және асыра орындалуына барытпап жүргізуіміз керек.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің IV пленумы «Республиканың колхоздары мен совхоздарында көктемгі егісті мезгілінде өткізу, егісті күту және жемшөп дайындау жөнінде партия ұйымдарының міндеттері туралы» қаулысында барлық тракторлар мен жұмыс көлігін егіс жұмыстарына қосып, пар мен зябті тырмалау, жер жырту, жаздық дақылдардың тұқымын себу, шөп егу жұмыстарын қысқа мерзімде, сапалы аяқтауды, күздік дақылдар мен шөп егісін күту қарқынын күшейтуді талап етті. Бұл нұсқауларды мұлткіеіз жүзеге асыра отырып, 1953 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуды қамтамасыз ету — партия, совет және ауылшаруашылық органдарының аса маңызды міндетінің бірі болып табылады.

Егіннен мол өнім алу үшін агротехникалық шаралардың бұрмалануына ешқандай жол бермей, тұқым себу нормаларының дұрыс сақталуын қатаң бақылап, дәнді дақылдарды тоғыспалы және тарқатарлы әдіспен себу, күнбағысты шаршы-ұялап егу жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне агрономиялық бақылауды мейлінше күшейту — ауылшаруашылық органдары мамандарының, әсіресе, агрономдардың маңызды ісі.

Көктемгі жер жырту жоспарын орындау үшін МТС-тер бұл жұмысқа тракторларды, еңалдымен шынжыр табанды тракторларды толық қуатымен пайдаланып, жер жырту жұмысын екі сменамен атқаруға, ал бір тракторшының жұ-

Көктемгі бір күнгі еңбек жыл бойы асырайды

Облыс колхоздарында егіс жоспарының орындалу барысы

(1953 жылғы 10 майдағы мәлімет бойынша)

Аудандар	Орындалу проценті
Конюхов	61,6
Булаев	60,9
Совет	59,3
Полудень	53,9
Петропавл	53,0
Ленин	52,5
Преснов	47,9
Соколов	47,9
Приешім	46,4
Октябрь	42,0
Мамлют	38,8


Колхоздар бойынша барлығы 50,2.

Облыс совхоздарында егіс жоспарының орындалу барысы

(1953 жылғы 10 майдағы мәлімет бойынша)

Совхоздар	Орындалу проценті
Торанғұл	99,5
Явленка	91,9
Қарағанды	87,6
Ұзынкөл	82,3
Киров атындағы	79,2
Шағлы	75,7
Чистов	75,8
Мамлют	72,3
Қыялы	71,7
Совет	67,3
Возвышен	63,7
Токшын	53,7
Қызылөскер	51,7
Приешім	43,8
Преснов	40,0
Октябрь	37,6
Буденный атындағы	34,5
Станной	33,1

Егіс және трактор бригадаларында еңбек ұйымдастыру ісін барынша жақсартып, барлық механизаторларды, колхозшылар бұқарасын егіннен тұрақты және мол өнім алу күресіне жұмылдыру — партия, совет, ауылшаруашылық органдарының басты міндеті.



СУРЕТТЕ: Конюхов ауданы, Куйбышев атындағы колхозда жұмыс істейтін тракторшы Р. Рейнер жолдастың тұқым сеуіп жүрген кезі. Ол күн сайын 45 гектар орнына 60 гектар жерге тұқым себеді.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Егіс жұмыстарының қарқыны баяу, сапасы нашар

Егіс жұмыстары басталғалы үш бескүндіктей уақыт өтті. Міне, осы бескүндіктердің тапсырмалары Образцовая МТС-нің қамтуындағы 8 колхоздың бірде-бірінде орындалған жоқ. Оның басты себептері неде? Оның себебі — тракторлардың қуаты егіс жұмыстарына толық пайдаланылмайды, олардың техникалық күтімі нашар ұйымдастырылған.

Біз МТС-тің «Новый путь» колхозындағы № 2 трактор бригадасына келгенде, ондағы 4 трактордың екеуі тоқтап тұр екен. № 2 «СТЗ» тракторының подшипнигі ағып кеткен. Трактор бригадасының бригадирі Маликов жолдас өз жұмысына тиісті дәрежеде атқармайды. Мұнда еңбек ұйымдастыру ісінің жолға қойылмауы, техникалық күтімнің дұрыс жүргізілмеуі себепті тракторлардың жұмыс істеуі қанағаттанғысыз. Галкин жолдасы егіс жұмысы басталғалы өзі жүргізген тракторға техникалық күтім жасамауынан «СТЗ» тракторының біріншісінің

хозындағы № 19 трактор бригадасында № 10 «С-80» тракторы бір күн, № 2 «СТЗ» тракторы 4 күн бойы жанармайдың жоқтығынан жұмыс істемеді. Трактор бригадасының бригадирі Литвинов жолдас былай дейді:

— Колхозда автомашина да, жұмыс көліктері де бар. Бірақ, колхоз председателі Макумов жолдас оларды жанармайын тасуға қоспайды, тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызбайды.

Тракторлардың жұмыс өнімділігінің төмен болуы неге әкеліп соқты? Жоғарыда айтылғандай, МТС-те егіс жұмыстарының бескүндік тапсырмасы әр бес күн сайын орындалмай келеді. Мәселен, 25 апрельден 1-майға дейінгі тапсырма мұнда тұқым себуден 28,8 процент, жер жыртудан 10 проценттей ғана орындалды. 1 майдан 10 майға дейінгі тапсырма да орындалған жоқ.

Образцовая МТС-те егіс жұмыстарының

Халықтық демократия елдерінде

Румынияда И. В. Сталиннің еңбегінің басылуы

БУХАРЕСТ, 9 май. (СОТА). И. В. Сталиннің «Совет Одағының Ұлы Отан соғысы туралы» деген кітабы румын тілінде саяси әдебиет баспасында үшінші рет басылып шықты. «И. В. Сталиннің екпінді колхозшылардың Бүкілодақтық бірінші съезінде сөйлеген сөзі» деген кітапша да румын тілінде осы баспада басылып шықты.

Кітап пен кітапшаның тиражы — 30 мың данадан.

Чехословакияның азат етілуінің 8 жылдығына байланысты Прагада болған салтанатты мәжіліс

ПРАГА, 8 май. (СОТА). Бүгін Прагада Чехословакияны фашистік құлдықтан Совет Армиясының азат етуіне 8 жыл толуымен байланысты салтанатты мәжіліс болды.

Қатысушылар Чехословакия Республикасының президенті Антонин Запо-тоцкийді, премьер-министр Вилем Широкий бастаған үкімет мүшелерін және Ұлттық жыйналыстың председателі Одржих Йонды ду қолшалақтаумен қарсы алды. Мәжіліске СССР-ның Чехословакиядағы төтенше және полномочие-лі елшісі А. Е. Богомолов, мемлекеттік әкімшілік советінің экономикалық комитеті председателінің орынбасары Лн Щу Чу бастаған Қытайдың үкімет делегациясы және Чехословакияның көрнекті мемлекет және партия қайраткерлері, астана еңбекшілері қатысты. Салтанатты мәжілісті Одржих Йон ашты.

Совет Армиясының Чехословакияны азат етуінің 8 жылдығы туралы премьер-министр Вилем Широкий баяндама жасады.

Чехословак — совет достығына және Совет үкіметінің құрметіне арналған баяндамашының сөздерін жыйналғандар ду қолшалақтаумен қарсы алды.

дерге тұқым себілуіне жол берілген. Осындай кемшіліктер бұл облыстардың партия, совет және ауылшаруашылық органдары егіс жұмыстарына нашар басшылық етіп, егістің ең қолайлы мерзімін өткізіп алу үшін тугызып отырғандығын көрсетеді.

Егіс жұмыстарына нақты басшылық ету — кемшіліктерді уақтылы көріп, дер кезінде жоя білу, артта қалғандарды озаттар қатарына тенеу, еңбек өнімділігін арттыру, жұмыс сапасын жақсарту, егіснің шығымдылығын молайтуда пайдала асырылмай келе жатқан қорларды толығынан пайдалану деген сөз. Бірқатар жерлерде барлық егіс көлемінен мол өнім алу жолындағы күресте ірі-ірі кемшіліктерге жол беріліп келеді. Республикамыздың астықты көп өндіретін шешуші солтүстік-шығыс облыстарының көптеген колхоздарында дәнді егіснің шығымдылығы әлі де тұрақсыз болуы осыны дәлелдейді. Оның басты себептері: техниканың қуаты толық пайдаланылмай, егіс жұмыстарының ұзаққа созылатындығынан, ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы жайының нашарлығынан, жер өңдеу жоспарының мерзімінде орындалмайтындығынан, шөнтананы аусыпалы егістерді енгізу және басқа маңызды шаралардың толығынан жүзеге асырылмайтындығынан болып отыр.

Кәзір республикамыздың солтүстік-шығыс және батыс облыстарында егістің ең шешуші, жауапты кезеңі жетті. Бұл облыстардың басшылары егістің қарқыны мен сапасын еселеп арттырып, оның агротехникалық қолайлы мерзімде өткізілуін қамтамасыз етулері қажет. Егіс мерзімінің әрбір жұмыс күні қымбат. Мұны естен шығармай, еңбекті дұрыс ұйымдастыру — көктемгі уақыттың әрбір күнін, сағатын өнімді пайдалануға мүмкіндік беретіндігі белгілі. «Көктемгі бір күнді еңбек жыл бойы асырайды» — дейді халық мақалы. Екіншілер мен механизаторлардың өнімді еңбек етіп, жұмыс мерзімін тиімді пайдалануына қажетті жағдайдың барлығын да жасау керек. Егіс және трактор бригадаларында еңбек ұйымдастыру ісін барынша жақсартып, барлық механизаторларды, колхозшылар бұқарасын егіннен тұрақты және мол өнім алу күресіне жұмылдыру — партия, совет, ауылшаруашылық органдарының басты міндеті. Барлық күш-жігерді Коммунистік партияның ауыл шаруашылығы саласындағы алға қойған

И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін насихаттау

ҚАРҚАРАЛЫ, (ҚазТАГ). Қарқаралы ауданының еңбекшілері партияның XIX съезінің материалдарын және И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген даныштық еңбегін зор ынта қойып үйренуде. Аудандық партия комитеті лекциялық

мыс нормасын орындауын және асыра орындауын, жұмысты сапалы жүргізуін қамтамасыз етуге міндетті. Трактор бригадаларының жұмысына сағаттық графикті, стахановтық маршруттарды, шаруашылық есепті, диспетчерлік қызметті кеңінен енгізу — трактор паркінің өнімділігін арттырудың, ауылшаруашылық жұмыстарын өткізу мерзімдерін қысқартудың аса маңызды құралы болып табылады.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдары, облыстық және аудандық партия комитеттері облыстық және аудандық атқару комитеттері шөп егісін өсіруді жете бағалаушылықты жойып, оны егін күтуді агротехникалық талаптарға сай жүргізіп, шығымдылығын арттыру жоспарын әрбір колхоз бен совхоздың орындауына талапты күшейтулері керек. Біздің егіншілігіміз бұдан да гөрі өнімді және жетілдірілген, шөп егісі өрістетілген, ауыспалы егіс тәртібі дұрыс қолданылған, техникалық, жем-шөп, өмшөп дақылдары мен картоптың егістік көлемдерінің үлес салмағы неғұрлым ұлғайтылған болуға тиіс.

Ауылшаруашылық органдары колхоздар мен совхоздарда дәнді дақылдармен бірге картоп, өмшөп, күнбағыс, шөп және басқа дақылдарды өсіру ісіне басшылықты жақсартып, үстіміздегі жылы бұл дақылдардың шығымдылығы жөніндегі белгіленген жоспардың орындалуын қамтамасыз ететін шаралардың барлығын да жүзеге асыру қажет.

Колхоздар мен совхоздардың тұқым участоктерінде егіс жұмыстарын жоғары агротехникалық дәрежеде жүргізіп, ең жақсы аудандастырылған сорттардың сұрынталған тұқымдарын егін, 1954 жылдан бастап ауылшаруашылық дақылдарының сортты тұқымдарын жаппай етуге көшетіндей етіп ұйымдастырудың зор маңызы бар.

Солтүстік-шығыс және батыс облыстардың партия, совет және ауылшаруашылық органдары барлық күш-жігерді егіс жұмыстарын ең қысқа мерзімде аяқтау ісіне тегіс жұмылдырып, жұмыстағы ұйымшылықты барынша күшейтулері керек. Егісті үлгілі өткізіп, оның бітік өсірілуін қамтамасыз ету арқылы елімізде азық-түлік өнімдерінің молшылығын жасайық!

(«Социалистік Қазақстанның» 5 майдағы баспаңаласы).

насихатқа зор көңіл бөлуде. Аудандық партия комитетінің жанында құрылған штаттан тыс лекторлардың 15 адамдық тобы быылғы жылдың төрт айында ғана партияның қарарлары және И. В. Сталиннің еңбегі туралы 150-ден аса лекция оқып, баяндама жасады.

Совхоздар бойынша барлығы 66,6

Табысты сменалар

Октябрь ауданының көптеген алдыңғы қатарлы механизаторлары көктемгі егіс науқаны күндерінде қажырлылықпен еңбек етіп, дала жұмыстарында бірқатар табыстарға ие болды. Әсіресе, Ворошилов атындағы МТС-тің тракторшысы А. Шотков жолдастар сменалық норманы алғашқы күндерден бастап-ақ асыра орындап келеді.

«Шіт» колхозының егіс даласында жұмыс істейтін тракторшы Мединский жолдас «СТЗ—НАТИ» тракторымен кәзірдің өзінде-ақ 500 гектар жер тырмалап, 305 гектар егістік жерге тұқым сеңті.

Сол сияқты, Жамбыл атындағы колхозда жұмыс істейтін А. Шоткин жолдас та көктемгі егісте үздік табыстарға жетіп жүр. Ол өзі жүргізетін «С—80» тракторымен күн сайын сменалық норманы артығымен орындауда.

Озат механизаторлар трактордың жұмыс өнімділігін арттыра түсіп, көктемгі егісті әрі тез, әрі сапалы жүргізуге күш жұмсауда.

А. ЖОЛДЫГАРИН.

(Өз тілшіміз).

мен гайкалары босан кеткен. Оларды бұрап бабына келтірудің өзі екі-үш сағат жұмыс уақытын алды. Әрине, тракторларға бұлайша техникалық күтім жасау бара-бара олардың бөлшектерінің еынуына, тез тозуына және тракторлар қуатының толық пайдаланылмауына әкеліп соғатыны сөзсіз.

Бригада механизаторларының көпшілігі сменалық тапсырманы орындамайды. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы № 21 трактор бригадасында № 2 «С—80» тракторының МТС мастерскойынан келісімен үш-төрт күн өткеннен кейін подшипнигі аққан. МТС-тің участкалық механигі Васильев жолдас бұл кезде осы бригадаға келген еді. Ол аталған трактордың сынған бөлшегін МТС-ке жөндеуге апарып, оны келесі күні таңертең ғана әкелді. Бірақ, бұл жолы ол бөлшек тракторға сай келмеді. Оны екінші рет жөндеу керек болды. Осындай жағдайлармен трактор тәулік бойы жұмысқа қосылмай тоқтап тұрды. Осы колхоздағы № 20 трактор бригадасында тракторлардың жүруінен туруы көп. Жуырда № 16 «СТЗ» тракторы тәулік бойына жұмысқа қосылған жоқ.

МТС қамтуындағы колхоздарда тракторлардың жұмыс өнімділігінің төмен болуының тағы бір себебі — тракторлардың жанар маймен қамтамасыз етілмеуінде. «Қазақстанның 30 жылдығы» кол-

қарқыны қандай баю болса, сапасы да сондай нашар. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 34 гектар жерге тазартылмаған, себу дәрежесі жетіспеген тұқым себілген. Мұнда № 10 «С—80» тракторымен 30 гектар жер түрәнсіз плугтермен жыртылған. Сондай-ақ № 20 трактор бригадасында 10 гектар жер 11—12 сантиметр тереңдікте ғана жыртылған. № 21 трактор бригадасында 5 гектар жыртылмаған жерге жаздық бидайдың тұқымы себілген. Бұл колхоздағы агроном Бекбасов жолдас егіс жұмыстарының сапасына жете назар аудармайды.

«Новый путь» колхозында да агротехникалық шараларды бұрмалаушылық орын тепкен. Мұнда 10 гектар жер 10—12 сантиметр тереңдікте ғана жыртылған.

Образцовая МТС-інде егіс жұмыстарының барысы, міне, осындай. Бұған түзеге болмайды. МТС директоры Корнев, оның саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Марков, бас инженері Ломанов жолдастар егіс жұмыстарын қысқа мерзімде сапалы өткізу үшін колхоздарға нақтылы көмек көрсетулері керек. Олар ең алдымен тракторлардың күні-түні бірдей тоқтаусыз жұмыс істеуін, әрбір тракторшының сменалық тапсырманы толық орындауын талап етуге тиіс.

Т. КӘДІРОВ.

Мал өсірушілерге кеңес

Мал жайылымын пайдалану жолдары

Партияның XIX съезі қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетуді ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі міндеттердің бірі етіп қойды. Бұл міндетті зорымен жүзеге асырып, қоғамдық мал басын көбейте беру, оның өнімділігін еселеп арттыру жазғы мал жайылымын дұрыс ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Кәзір мал шаруашылығындағы шешуші кезеңнің бірі — малды жазғы жайылымға шығару маусымы туды. Ерте көктемнен бастап, малды жайып бағуды тыңғылықты ұйымдастыра білу қажет. Мал жайылатын участоктерді жоспарлы түрде пайдаланған жөн. Жайылымдарды пайдалану жөніндегі графикті жасауға тәжірибелі малшыларды кеңінен қатыстыру керек. Бұл графикте жайылым участоктері малдың түріне қарай іріктеліп алынып, олар фермаларға бүкіл маусымға бекітіліп берілуіне тиіс.

Сауын сыйырлар мен жас төлдер үшін фермаға жақын және оты мол жайылымдар бөлінісін. Ал, қой түлігі үшін шөбі ащылы-тұщылы участоктерді бөлу керек. Аса ояң, сазды участоктерге бағылған қойдың ауруға шалдығуы мүмкін. Ерте көктемде малды шөбі тезірек көктеп есетін жайылымдарда бағу керек. Мұндай жайылымдарда мал жақсы жайылып, тез семіреді және ол малдың өнімі-

нің артуына, төлдің тез торайып өсуіне көп пайда келтіреді.

Қай малды болсын жазғы жайылымға малдәрігерлік бақылаудан өткізіп барып шығару қажет. Әсіресе, малдың терісін оқырадан тазартып, тұяғын қашау және тазарту керек.

Малды дұрыс жайып семіртуді ұйымдастыру үшін жайылымдарды бірнеше участоктерге бөліп, пайдаланған жөн.

Жайылым участоктерінің әрқайсысын белгілі мерзім ішінде кезекпен пайдалану керек. Бір жайылым пайдаланылғаннан кейін, мал екінші бір жайылымға өріске шығарылады. Жайылымдарды бұлай пайдалану ондағы шөптің мал аяғына бастырылмай, түгел іске асуын қамтамасыз етеді.

Малды жайылымда бағуда тағайындалған график ережелерін бұлжытпай жүзеге асырудың ерекше зор маңызы бар. Көктем әбден шыққан соң-ақ малды түнде жайып бағуды ұйымдастырған жөн. Малды күйлі өсіруді, оның өнімділігін арттыруда бұл зор роль атқарады.

Малға шөппен бірге су молшылығын да жасау қажет. Әрбір жайылымда мал үшін су жеткілікті мөлшерде болуға тиіс. Малды тәулігіне кемінде үш рет суарып отыру керек.

Атап айту керек, жазғы мал жайылы-

мын дұрыс ұйымдастырған «Көктерек» колхозында былтыр әрбір қойдан ауданың басқа колхоздарына қарағанда 1 килограмм жүн артық қырқылды. Мұнда барлық мал қысқа жақсы күймен келді. 1952 жылы әрбір сыйырдан алынған сүт 1951 жылғыдан едәуір көп болды. Бұл колхозда жазғы мал жайылымы быыл да дұрыс ұйымдастырылуда. Ал, жазғы мал жайылымы дұрыс ұйымдастырылмаған Молотов атындағы, «Новый быт» колхоздарында істің жайы бұған мүлде керісінше болып отыр.

Міне, сондықтан да жазғы мал жайылымын ұйымдастырудағы кемшіліктерге быыл жол бермеуіміз керек. Бұған барлық жерде күш-мүмкіншілік жеткілікті. Ауданның қай колхозында болсын табиғи жайылымдар мол. Өңгіме оларды тиімді пайдалана білуде.

Жазғы мал жайылымын дұрыс ұйымдастыру бақташыларға тікелей байланысты. Олай болса, бұл жұмысқа мал жайып жақсы білетін адамдарды көптеп жіберу керек. Малды жайып бағуды үлгілі ұйымдастырып, үстіміздегі жылы қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жаңа зор табыстарға жетейік.

М. ПОЛЕНОВ,

Совет аудандық ауылшаруашылық бөлімінің аға зоотехнигі.

отырды.

Қытайда өнеркәсіп құрылысы

ПЕКИН, 9 май. (СОТА). Қытайдың өнеркәсіп орындарының құрылыстарында Қытайдың Коммунистік партиясының 32 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарыс өрістей түсті. «Женьминьжибао» газетінің хабарына қарағанда, Аньшань металлургия комбинатында құрылыс жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. 60 мың құрылысшылар жұмыс жоспарын асыра орындау үшін өзара жарысуда. Барлық істелген жұмыстың көлемі өткен жылдағыдан екі есеге жуық артық. Өткен жылы басталған ірі прокат заводы және тұтас құйылған болат трубаларының заводынан басқа, жұқа прокат цехын, № 7 домна пешін, болат қорытатын бірінші цех және алғашқы прокат цехін қайтадан жетілдіру жұмысы жүзеге асырылуда. Барлық заводтар мен цехтар озат техникамен жабдықталуда.

Газет Аньшань металлургия комбинатының құрылысшыларының Ұлы Совет Одағынан шын достық техникалық көмек алып отырғандығын атап көрсетеді. Құрылыстың ең негізгі жобалары — советтік озат техниканың нормалары негізінде жобаланған. Негізгі жабдықтар — асқан шеберлікпен жасалынған автоматтар Совет Одағынан әкелінген. Аньшань металлургия комбинатының құрылысына елдің 40-тан астам заводтары қатысуда.

Албанияда мемлекеттік және кооперативтік сауданың өрістеуі

ТИРАНА, 10 май. (СОТА). Албанияда мемлекеттік сауданың көлемі жылдан жылға ұлғая түсуде. Үстіміздегі жылдың басында мемлекеттік сауданың сетіне 1230 сауда кәсіпорындары болды, ал кооперативтік саудада 1396 сауда орны болды. Жеке меншікті сауданың сетінен 268 топқа қысқартылды.

Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында 20-дан астам азық-түлік және өнеркәсіп дүкендері, асханалар ашылды. Шкодерде шаруалардың үлкен базары салынуда. Өткен жылы тау-кен өнеркәсібінің үш кәсіпорнында бірінші рет жұмысшыларды жабдықтау бөлімі ұйымдастырылды.

Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында өткен жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда халыққа товар 16,3 артық сатылды.

Албанияда жаңа сауда кадрлары даярлануда. Көптеген сауда ұйымдарында техникалық минимум курстары жұмыс істейді.

му дәрежесі белгілі қоғамдық формацияның шеңберінде бір қоғамдық экономикалық формациядан екінші формацияға өтуді, сондай-ақ бір фазадан екінші фазаға өтуді белгілейді. Бұл жалпы қағыйданың коммунистік қоғам формациясына да қатысы бар. Міне, сондықтан бүкіл қоғамдық өндірістің үздіксіз өсуі коммунизмнің төменгі фазасынан жоғарғы фазасына өтудің қажетті бірінші алғы шарты болып табылады.

Көзір аттөбегіндей капитал магнаттарының мақсатына барынша көп пайда табуды көздеген капиталистік экономика өндіріс анархиясы мен бөсеке заңының қыбыратушы қыймылына, экономикалық дағдарыстарға душар болып отырған кезде, бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз етуге бағытталған социалистік өндіріс бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен үздіксіз дамуда.

Ленин — Сталин партиясының басшылығымен совет халқы алғашқы сталиндік төрт бесжылдықта социалистік өндірісті өркендетуде орасан зор табыстарға ие болды. Біздің елімізде 1929 жылдан 1951 жылға дейінгі уақыттың ішінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 13 еседей дерлік өсті.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары еліміздің бүкіл қоғамдық өндірісін онан әрі үздіксіз өркендетуді көздейді. Жаңа бесжылдықта өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі, шамамен, 70 процент арттырылуға тиіс. Бұл біздің өнеркәсібіміз 1955 жылы, соғыстан бұрынғы 1940 жылға қарағанда, өнімді үш есе артық береді деген сөз. Бесжылдық жоспар ауыл шаруашылығының, әсіресе, мал шаруашылығының өнімдерін онан әрі арттыруды қарастырады.

Сөйтіп, социализмнің экономикалық заңдарының талаптарын бейнелеген ССРО ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары социализмнен коммунизмге өту ісінде ірі қадам болып саналады.

Коммунистік қоғам орнатудың сталиндік программасы ұлғайтпалы ұдайы өндірістің қажетті шарты ретінде өндіріс құрал-жабдықтарын басым өндіруді талап етеді. Бізге өндіріс құрал-жабдықтарының жылдам қарқынмен өркендеуі еліміздің халық шаруашылығының барлық саласын (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс орындары, байланыс, транспорт және басқалары) өндіріс құралдарымен қамтамасыз ету үшін қажет.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті сталиндік бесжылдықтардың бүкіл кезеңдерінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің басымдылық принципінің жүзеге асырып келеді. Бұл принцип жаңа бесжылдықтың да негізіне алынған.

Біздің елімізде өндірістің үздіксіз өркендеуі үшін өндірістің қорын жыйнаудың, елімізде өндіріс күштерінің орасан зор дамуының негізгі кайнар көзі болып табылады. Мұның бәрі советтік қоғамның барлық мүшелерінің материалдық және мәдени керектерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдай туғызады.

II.

Коммунизмге өтуді әзірлеу үшін «екіншіден, — деп көрсетті Н. В. Сталин жолдас, — колхоздар үшін, демек, бүкіл қоғам үшін тиімді түрде жүзеге асырылатын бірте-бірте өту жолымен колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншіктің дәрежесіне жеткізу қажет, ал, товар айналысын да бірте-бірте өту жолымен өнім айырбасы системасына ауыстыру қажет, сөйтіп, орталық өкмет немесе басқа бір қоғамдық экономикалық орталық қоғамның мүддесі үшін қоғамдық өндірістің бүкіл өнімін қамтытын болуы қажет» (Сонда, 69-бет).

Коммунизмге өтуді әзірлеудің екінші алғы шартында көрсетілген өзгерістің қажеттігі социализм жағдайында өндіріс қатынастарының өндіріс күштерден кейін қалуының мүмкіндігінен туады. Анығында да, олар өзінің дамуында қоғамдық өндірістің ең жылжымалы, революцияшыл және шешуші элементтер болып табылатын өндіріс күштерінің өсуінен кейін қалып отырады. Біздің еліміздің коммунизмге қарай онан әрі алға басуы өндіріс күштердің орасан зор өсуімен ұштаса жүргізіледі. Біздің партиямыз бұл мемлекетіміздің басшы органдары еске алғанды өндіріс күштері мен оның дамуынан кейін қалып отырған кәсіптік өндірістік қатынастардың арасындағы қайшылықтардың дәу-жанжалсыз шешілуін өндіріс қатынастарынан онан әрі игеру жолымен, оларды өндіріс күштерінің өсуіне бейімдеу жолымен уақытында қамтамасыз етіп отырады.

Социализм тұсында және коммунизм тұсында өндіріс құралдарына және оның өніміне қоғамдық меншік өндіріс қатынастарының негізі болып саналады. Біздің коммунизмге қарай басқан қадамымыз ілгерілеген сайын қоғамдық меншік өркендей беруге тиіс.

Көзір біздің елімізде қоғамдық меншіктің екі түрі: мемлекеттік меншік және кооперативтік-колхоз меншігі бар.

Мемлекеттік кәсіпорындарында өндіріс құралдары және бүкіл өнім жалпыхалықтық меншік болып салады. Бұл меншікті мемлекет бүкіл қоғамның мақсаты үшін жоспарлы түрде пайдаланады. Ал, колхоздарда басқа жағдай. Сталин жолдас айқандай, колхоз әдеттегіден өзгеше кәсіпорын. Бұл кәсіпорынында жерге және негізгі өндіріс құралдарына мемлекеттік меншік болса, колхоз құрылыстары, қоғам-

дық өнеркәсіп пен колхоз арасындағы өнім айырбасы системасына қосу керек» (Сонда, 96-бет).

Біздің елімізде әзірше өнім айырбасының дамытылған системасы жоқ, бірақ, ауылшаруашылық өнімдерінің кейбір бөлігіне, әсіресе, техникалық дақылдар үшін «товар беру» сыяқты мұндай системаның бастамасы бар. Колхоздар мемлекетке өткізген өнімдері үшін ақша ғана емес, төмендетілген баға бойынша өнеркәсіп товарларын да алады. Мұның өзі колхоздар үшін өте пайдалы. 1952 жылдың өзінде ғана колхоздар өнім айырбасы жолымен бірнеше миллиард сом пайда тапты.

Бұл система бүкіл қоғам үшін де пайдалы. Өйткені, оның колхоз өндірісінің басы артық өнімдерінің бәрін қамтуы товар айналысын өнім айырбасымен ауыстыруға, колхоз өндірісін және оның өнімін жалпыхалықтық жоспарлау системасына қосуға, сөйтіп, колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізуге мүмкіншілік береді.

Бұл системаның өрісін кеңейту мақсаты қаланың деревняға беретін өнімін анағұрлым көбейтуді қажет етеді. Сондықтан бұл системаны өнеркәсіп бұйымдарының қорлануына қарай бірте-бірте енгізуге тура келеді. Тұтыну заттарын көбейту өнеркәсіп орындарына қажетті шикізаттарды беретін ауылшаруашылық өндірісінің онан әрі өсуін талап етеді.

Социализмнен коммунизмге өтудің екінші алғы шартын орындау қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты жою жөніндегі, социалистік қоғамда орын алатын жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы таптық айырмашылықтарды жою жөніндегі міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

III.

Коммунизмге өтуді әзірлеу үшін «үшіншіден, — деді Сталин жолдас, — қоғамның мәдени өсуін мынандай дәрежеге жеткізу қажет: бұл мәдени өсу қоғамның барлық мүшелерінің дене және ой қабілеттерінің әртарапты дамуын қамтамасыз етуі керек, сөйтіп, қоғам мүшелері қоғамдық дамудың белсенді қайраткерлері боларлықтай жеткілікті білім алуға мүмкіндік алатын болуы керек, олар, кәзіргі еңбек бөлінісінің әсерінен, бүкіл өмір бойы белгілі бір мамандыққа байланып қалмай, мамандықты еркін таңдауға мүмкіндік алатын болуы керек». (Сонда, 70-бет).

Коммунистік қоғамның жоғарғы фазасын орнату үшін қоғамды мәдени тәрбиелеудің маңызы зор. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, елімізде жоғары техниканың негізінде бүкіл халық шаруашылығын қаруландыру міндеттері қоғамның барлық мүшелерінің дене және ой қабілеттерінің әртарапты да-

мушылардың нақтылы жалақысын кемінде екі есе, тіпті онан да гөрі көбірек арттыру болып табылады.

Адам туралы, совет халқының тұрмысын онан әрі жақсарту жөніндегі сталиндік қамқорлықты біз өзіміздің өмірімізден күн сайын айқын көреміз. Оны бесінші бесжылдық жоспардан да көруге болады. ССРО-ның ұлттық табысы бес жылдың ішінде кемінде 60 процент артып, жұмысшылардың, шаруалардың және қызметшілердің табысының онан әрі артуы қамтамасыз етіледі. Үстіміздегі бесжылдықта жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысы 35 процент, колхозшылардың заттай және ақшалай табысы 40 процент өседі. Халықтың материалдық әл-ауқат және мәдени дәрежесін арттыра беру жөнінде партия мен үкметтің өнеркәсіп және азық-түлік товарларына мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын үнемі кеміту жөніндегі саясаты зор роль атқарып отыр. Бағаның соңғы, алтыншы рет кемітілуінің нәтижесінде еліміздің еңбекшілері бір жылда 53 миллиард сомнан астам пайда көретін болды. Бесінші бесжылдықта пәтер үй құрылыстары барынша кеңейтіледі, мемлекеттік құрылыс орындары арқылы жалпы көлемі 105 миллион шаршыметрге жуық жаңа тұрғын үйлер салынады.

Коммунистік партияның еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі идеологиялық жұмысы және жоғарыда айтылған барлық үш шараның жүзеге асырылуы социалистік қоғамның барлық мүшелерінің коммунистік саналылығын онан әрі арттырып, олардың мәдени-техникалық дәрежесін бұрын болып көрмеген жоғары сатыға көтереді. Коммунизмге өтуді әзірлеу үшін қажетті үшінші алғы шартты жүзеге асыра отырып, біз сонымен қатар, коммунистік қоғам орнатудың негізгі міндеттерінің бірі — дене еңбегі мен ой еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықты жою мәселесін шешеміз.

* * *

Сталин жолдасының коммунизмге өтуді әзірлеу үшін қажетті алғы шарттар жөніндегі программалық қағидалары совет қоғамының онан әрі дамуының объективтік қажеті болып табылады. Коммунизм орнатудың ұлы Сталиндік программасымен қаруландырылған совет халқы өзінің жарқын болашағына қарай сеніммен алға басуда.

Коммунистік партияның саясатына шексіз сенген совет халқы СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірігіне бұрынғыдан да тығыз топтасып, елімізде коммунизмнің толық салтанат құруын қамтамасыз ету жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Г. ЕГОРОВ,

ҚКП облыстық комитетінің лекторы.

Даниядағы шетел әскерлері

КОПЕНГАГЕН, (СОТА). Ритсаус бюросы агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Париждегі Солтүстік-атлантика одағы Советінің қарарына сәйкес Скюдструпте жаңа әуе-соғыс

КОПЕНГАГЕН, (СОТА). Данияда бейбітшілік уақытта шетел әскерлерін орналастыруға шұғыл даярлық жүргізумен байланысты, соңғы апталардың ішінде Данияға Атлантика блогы соғыс күштерінің генералдары мен адмиралдары, офицерлерінің келуі жиіленді. Данияға апрельдің аяқ шенінде Солтүстік-атлантика одағы Европаның солтүстік аймағындағы қарулы күштерінің қолбасшылары генерал Роберт Мэнсер, адмирал Эванс-ломб және генерал Картер келді. Олар Данияның қарулы күштерінің басшыларымен және датчан саяси

Австрия жастарының арасындағы жұмыссыздық

ВЕНА, (СОТА). Австрия жұртшылығы Австрия жастарының арасында жұмыссыздықтың көбейгеніне өте тынышсызданды. Көзір оқу жылының аяқталуымен байланысты жұмыссыздық мәселесі бұрынғыдан да күшейе түсуде. Жастарға оқуға және жұмыс істеуге мүмкіншілік беру туралы өзінің программалары мен жасаған мәлімдемелерінде көп айтатын халық партиясының органы — «Нейе винер тагесцейтунг» газетінің өзі де бүгінгі санындағы бірінші мақаласында быйылғы жылы мектеп бітіретін 115 мың қыздар мен жас жігіттерді мамандық беретін оқуға тартуға және оларға жұмыс тауып беруге мүмкіншіліктің көзір өте аз екендігін мойындауға мәжбүр болып отыр.

біздің 7 майдағы ұсынысымызда көрсетілген негізгі мәселелер бойынша тез келісуге тиіс деп есептейді».

Бүгінгі мәжілісте екінші жақ істің егжей-тегжейлері туралы тағы да бірқатар сұрақтар қойды, бірақ, корей-қытай жағының 7 майдағы ұсынысына өзінің қалай қарайтынын білдірмеді.

Екі жақ делегациялардың келесі мәжілісін 11 майда таңертеңгі сағат 11-де өткізуге қарар қабылдады.

базасының ресми түрде ашылуы болған. Бұл база Атлантика блогының әуе-соғыс базаларының құрамына кіреді және шетел соғыс-әуе күштерін орналастыруға арналады.

қайраткерлерімен мәжілістесті. Адмирал Эванс-ломб Данияның соғыс-теңіз және әуе-соғыс базаларын тексеріп шықты.

Апрельдің соңғы күндерінде Данияда ағылшын генералы Мартиа болып, Данияның сыртқы істер министрі Оле Бьерн Крафтпен және финансы министрі Кристенсенмен, сол сыяқты Данияның қарулы күштерінің командованиесімен келіссөздер жүргізді.

6 майда Каруптегі әуе-соғыс базасын Францияның авиациясының қолбасшысы генерал Байи қарап шықты.

«Австрияның демократияшыл одағының» органы «Ди унион» газеті соңғы жылдары жастардың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін Австрия үкметінің еш нәрсе істемегендігін атап көрсетеді. Көзіргі уақытта Австрияда жұмыс алуға немесе кәсіп орындарында үйренуші болып орналасуға да ешбір мүмкіншілігі жоқ жастар мен қыздардың саны 61 мыңға жетті. Осы жылы мектептерді бітіретін 115 мың жастардың шамасы 20 мыңдайына ғана жұмыс не үйренушілік орын беруге ғана мүмкіншілік болғандықтан, жұмысы және мамандығы жоқ қыздар мен жастардың саны Австрияда июнь айында 160 мыңға жуықтайтын болады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОРМАН»

«СИЛЬВА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-38, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.